



"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 тамыз N 874

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
"Адвокаттық қызмет туралы"

Z970195_

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Адвокаттық қызмет туралы"

Z970195_

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5-бапта:

1-тармақ:

"келісімде" деген сөздің алдынан "жазбаша" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Келісім жасасу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады."

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

2) 7 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер "бір жылдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "сондай-ақ босатылған күнінен бастап бір жыл бойы - тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органынан босатылған адам" деген сөздер "босатылған күнінен бастап бір жыл бойы - тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органынан босатылған адам, сондай-ақ лицензиясының күші осы Заңда белгіленген тәртіппен тоқтатылған адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлікте "азаматтар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары ғана" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тағлымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасының қаулысы негізінде адвокаттық қызметте кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар адвокаттарда тағлымдамадан өт е д і .

Тағлымдамадан өту адвокаттар алқасы мен тағлымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады."

4) 9 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі "сәйкес жүргізеді" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын мерзімді баспасөз басылымдарында адвокаттар лицензияларын беру, лицензияларының күшін тоқтата тұру не тоқтату және лицензияларын қайтарып алу туралы мәліметтерді жариялайды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-1-тармақ "судья болып жұмыс істеген адамдар" деген сөздерден кейін ",теріс себептермен жұмыстан босатылған адамдарды қоспағанда, прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорлар, тергеушілер және анықтаушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрі қабылдайды, ол бұйрық түрінде ресімделеді."

5) 11-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Лицензияның күшін тоқтата тұру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрі қабылдайды, ол бұйрық түрінде ресімделеді. Адвокат, тиісті сот, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы қабылданған шешім туралы хабардар етіледі." ;

6) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Лицензияны кері қайтарып алу және оның күшін жою

1. Лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап арызы бойынша сот тәртібімен:

1) адвокат қолданыстағы заң талаптары мен нормаларын өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде бірнеше мәрте бұзған;

2) адвокаттың қасақана қылмыс жасағаны үшін оған қатысты қылмыстық қуғындау ақтамайтын негіздемелер бойынша тоқтатылған;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған;

4) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

5) адвокат әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

6) адвокат хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе ол қайтыс болды деп жарияланған ;

7) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

8) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 1-тармағының 1)-7) тармақшаларында көзделген жағдайларда адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу туралы талап арыз дайындау үшін негіздеме болып табылады.

Тиісті адвокаттар алқасы төралқасының өтініші ғана осы баптың 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайларда адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу туралы талап арыз дайындау үшін негіздеме болып табылады.

Лицензияны кері қайтарып алу лицензияның күшін тоқтатуға әкеп соқтырады. Лицензияның күшін тоқтату туралы шешім тиісті сот шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы түрінде ресімделеді.

Лицензиясының күші тоқтатылған адам, тиісті сот, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы қабылданған шешім туралы хабардар етіледі.

Лицензияның күшін тоқтату туралы шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

7) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктері заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі беретін ордермен расталады. Өз қызметін заңды тұлға құрмай жеке жүзеге асыратын адвокат ордерді дербес ресімдейді. Ордерде адвокат лицензиясының нөмірі мен оның берілген күні міндетті түрде көрсетіледі.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі 61-бабының бірінші бөлігінде санамаланған іс жүргізу әрекеттерін жасауға өкілеттігі заң актілерінде белгіленген тәртіппен берілетін сенімхатпен расталады.

Қазақстан Республикасының бекітілген тиісті халықаралық шарты негізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басы куәлігімен, адвокат мәртебесін белгілейтін құжатпен, сондай-ақ адвокат пен осындай көмек сұраған адам арасындағы заң көмегін көрсету туралы келісіммен расталады.";

8) 14-баптың 2-тармағы "келісім" деген сөздің алдынан "жазбаша" деген сөзбен толықтырылсын;

9) 17 - бапта :

6-тармақтағы "жолығуға" деген сөз "жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуына рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығына шек қоюға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта "заңда белгіленген" деген сөздер "он күн" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 24-баптың 2-тармағы 1) тармақшасында "заң көмегін" деген сөздерден кейін ", соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін" деген сөздермен толықтырылсын ;

11) 29-баптың бірінші бөлігі 3) тармақшадағы "төлеуге" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы есепті табыс етуге міндетті. " ;

12) 31-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде қолданыстағы

заңдардың талаптары мен нормаларын бірнеше мәрте бұзған;" ;

13) мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

"33-1-бап. Адвокаттық қызметті жеке дара жүзеге асыру

1. Кәсіби қызметті жеке дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың аты-жөні, оның тұрақты орналасқан жері көрсетіледі.

2. Кәсіби қызметті заңды тұлға құрмай жеке дара жүзеге асыратын адвокат банктерге есеп және өзге де шоттар, жеке мөр, мөртабандар, жеке бланкілер ұстауға құқығы бар."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК